**КЕЛІСІЛДІ:**
Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Б.Ә.Боранбаева ____________

«03» 09 2022ж

**БЕКІТЕМІН:**
«№74 ЖББОМ» КММ-нің
директоры: А.К.Башанов

«03» 09 2022ж

# «№74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сіндегі Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

**БЕКІТЕМІН:**
**Қамқоршылық кеңесінің**
**төрайымы** _Бли_ **Б.Ә.Боранбаева**
**«03» ____09____ 2022ж**

**Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары**
**2022-2023 оқу жылы**

| № | Отырысы | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және құрамын бекіту;<br>2.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысында көрсетілген санаттағы отбасылардың балаларына материалдық көмек көрсету туралы<br>3.Қамқоршылық кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылап бекіту. | Қыркүйек | Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры |
| 2 | 1. Оқу процесін ұйымдастыруда жарақаттанудың алдын алу және қауіпсіз орта құру бойынша жұмыстарды талдау<br>2. ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс – шараларына қатысу<br>3. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қатысуға қоғам мен демеушілерді тартуға көмек. «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы | Желтоқсан | Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры |
| 3 | 1. 2022 жылғы 1,2 тоқсан бойынша «№74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есеп<br>2. Наурыз мерекелік іс-шараларына қатысу<br>3.Патриоттық тәрбие айлығын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарында қатысу: Жеңіс Күні және Қорғаушылар Күніне мерекелік іс-шараға қатысу. Ұлы Отан Соғысы ардагерлеріне көмек көрсету. | Наурыз | Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры |
| 4 | 1. Оқушылардың арасында салауатты өмір салтымен құқық бұзушылықтардың алдын алу<br>2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру және қауіпсіздік шаралары<br>3. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы есеп. | Шілде | Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры |

**“№74 Жалпы білім беретін орта мектеп” КММ**
Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы

Хаттама №2

19 желтоқсан 2022 жыл

Қатысқаны: 13
Қатыспағаны: 3

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:
1. Жекелеген санат оқушыларына берілген материалдық көмек түрлері. /Әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева/
2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау шаралары. /ДТІЖО Ж.А.Разакова/
3. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру. /Әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева/
4. Мектептің жылу жүйелерінің жағдайы. ДШІЖО Н.А.Ақылбек/
5. Сыйақы беру туралы. /Бас есепші М.Қ.Байсанова/
6. Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелері отырысты ашып, баяндамашыларға сөз берді.

***<u>Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева сөз алды:</u>*** Мектебімізде қазан және желтоқсан айларында қайырымдылық жәрмеңкелері ұйымдастырылып жиналған қаражаттан жекелеген санаттағы оқушыларға көмек көрсетіліп келеді. Жетім оқушы Есентай Зангирдің «Отбасы» банктегі есепшотына 10.000 теңге көлемінде қаржы аударылса, 4ә класс оқушысы көп балалы отбасынан шыққан Ерланова Еркеназға 30.000 теңгеге қыстық күртеше, 25 мың теңгеге қыстық етік алынып берілді. Одан бөлек көп балалы отбасы балалары Өмірзақ Ислам, Өмірзақ Рамазан, Өмірзақ Мақсатқа әрқайсысына 15 мың теңгеге мектеп формасы тарту етілді және осы отбасыға қайырымдылық қорынан жеке жер үй сыйланып, мектеп тарапынан 50 мың теңгеге бір жолдық азық түлік пакеті табысталды. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында мектебіміздің II кезеңінде оқитын 2, 3, 6, 7 класс оқушыларына барлық саны 175 оқушыға жарықшағылыстырғыш лента табысталды.

***<u>Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.А.Разакова сөз алды:</u>*** Оқушылардың өмір қауіпсіздігін, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектебіміздің ұстаздары жарықшағылыстырғыш жолақтар тігіп, оқушыларға табысталды. Сонымен қатар мектеп инспекторы және мұғалімдері бірлесе отырып түнгі рейдтер де жүргізіліп отырады. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу, құқық бұзушылық пен қылмыс жасағаны үшін жауапкершілік, қауіпсіздік ережелері, жолда жүру қауіпсіздігін сақтау, кешкі мезгілде жүрмеу туралы жоғары сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары да жүргізіліп отырады. Барлық мұғалімдеріне жарыс, конкурс, олимпиада т.б. қатысатын оқушыларды ҚББ-нің

бұйрығы негізінде мектептен бұйрық шығарылып сабақтан босату керектігі жөнінде ескертілді.

***Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог сөз алып, жекелеген санат оқушыларына Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру шаралары туралы айтып өтті.*** Қалалық білім бөлімінен келген бөліністер бойынша оқушылардың төмендегідей тізімі жасақталды.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Президент шыршасы** | | | |
| 1 | Есентай Зангир Есентайұлы | 5 класс | жетім |
| **Қала әкімінің шыршасы** | | | |
| 2 | Дәуренбек Қадір Әли | 5 класс | Алқалы орган шешімімен |
| 3 | Мұхтарқызы Ақерке | 3 класс | Алқалы орган шешімімен |
| 4 | Қыдырбаев Ерназар Сабыржанұлы | 1 класс | Алқалы орган шешімімен |
| 5 | Өмірзақ Аянат Қуанышқызы | 4 класс | Күнкөріс деңгейінен төмен |
| 6 | Айханова Раяна | 1 класс | АӘК |
| 7 | Серікбай Алдияр Сәкенұлы | 7 класс | Алқалы орган шешімімен |
| 8 | Айжарық Еркеназ Сәкенұлы | 6 класс | АӘК |
| 9 | Қарынбаева Камшат | 1 класс | Алқалы орган шешімімен |
| 10 | Алиева Жансая Құрманғазықызы | 9 класс | Үйден оқытылатын оқушы |
| 11 | Тама Мерей Русланқызы | 4 класс | Инклюзивті білім алушы |
| **Алматы ауданы әкімдігінің шыршасы** | | | |
| 12 | Есентай Зангир Есентайұлы | 5 класс | Жетім |
| 13 | Мұрат Жансезім | 5 класс | АӘК |
| 14 | Ерболұлы Мансур | 2 класс | Алқалы орган шешімімен |
| 15 | Серікбай Абай Сәкенұлы | 3 класс | Алқалы орган шешімімен |
| 16 | Өмірзақ Рамазан Қуанышұлы | 2 класс | Күнкөріс деңгейінен төмен |
| 17 | Тама Мерей Русланқызы | 4 класс | Инклюзивті білім алушы |
| 18 | Алиева Жансая Құрманғазықызы | 9 класс | Үйден оқытылатын оқушы |

Сонымен қатар жеке кәсіпкер «Әкелер мектебінің» жетекшісі А.Кулов мырза жекелеген санат оқушыларына барлығы 10 жаңа жылдық сыйлық тәтті сыйлықтар табыс етті. Жаңа жылдық сыйлықпен осы оқушыларды түгел қамту алдағы жоспарда тұр.

***Мектеп директоры А.Қ.Башанов жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру бойынша сөз алып, осы мәселе бойынша толықтыра түсті:***

Мектебімізде жаңа жыл 27-желтоқсанға жоспарланып отыр. Биылғы жаңа жыл жөнінде министріміз А.Қ.Аймағамбетовпен өткен аппараттық жиналыста оқушылардың өмір қауіпсіздігі және төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары айтылды. Негізі ата-аналардың ұсыныс бойынша Т.Ахтанов атындағы драма театрдың жаңа жылдық қойылымын мектеп спорт залында өткізу туралы келісімге келген болатынбыз, кейін Асхат Қанатұлының жиналысынан кейін тоқтаттық. Ата-аналардан ақша жиналмайды, сырттан ақылы қойылымдар мен аниматорлар кіргізілмейді, мектеп жанында жаңа жылдық от шашуларға тыйым салынады, білім беру тарапынан кафе,

мейрамханаларға оқушыларға жаңа жылдық мерекелік отырыстар ұйымдастыру тыйым салынады.

Президент шыршасы, қала әкімінің шыршасы және Алматы ауданы әкімінің шыршасына қатысатын оқушылардың жол қауіпсіздігі және өмір қауіпсіздігіне жетекшілер бұйрықпен бекітіледі. Мектебіміздегі жаңа жыл мерекелік шарасы кезінде күзет жұмыстары күшейтіліп, кезекшілік қойылады, мектеп инспекторы шақыртылады.

***<u>Мектептің жылу жүйесі және кәріз қалдықтары жөнінде директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Нұрбек Ақылбекұлы сөз алды:</u>***

Қысқы жылыту кезеңінде 4 (төрт) қазандық операторымыз жұмыс жасайды. Мектептің оқу кабинеттерінде, коридорда және спорт залында 18-21 градус температура жылуды көрсетеді. Екібастұздағы жағдайға байланысты түн мезгіліне қарамастан операторларымыз байланыста отырады. Кәріз жүйесі автономды болғандықтан септик тез толады. Жылдың басында біз жылдың аяғына дейін нақты рейс санын шығара алмаймыз. Себебі, көктемгі мектеп шатырындағы қардың еруі, жыл бойынғы жауын-шашын септикті тез толтырады. Алдағы уақытта жоспарлаған рейс саны біткен жағдайда сіздермен бірлесе отырып септик мәселесі бойынша қосымша қаражат сұрау жағын қарастырсақ деген ұсыныс бар еді. Болашақта орталықтандырылған кәріх жүйесіне қосу жағын қарастырсақ.

***<u>Кеңес төрайымы Базар Әуесханқызы сөз алды:</u>***
Қамқоршылық кеңес мүшелері, ұстаздар бүгінгі күн тәртібіндегі сыйақы беру мәселесіне көшейік. Мектеп басшысы хабардар еткендей биылғы жылы білім беру ұйымдарының басшыларына ұстауға көзделген қаржының үнемдеу есебінен сыйақы беру туралы қалалық білім бөлімінің 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы №455 бұйрығы келгенін, сол хат бойынша отырыс жасап сыйақы бөлу керектігін айтып отыр. Осы бойынша бас есепші Байсанова Менсұлу Қалжанқызы баяндасын.

***<u>Байсанова Менсұлу Қалжанқызы сөз алды:</u>*** 2021-2022 оқу жылында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай барлық қызметкерлерге сыйақы берілгенін және кеңес төрағасы Қаналы ағай сыйақы жөнінде ескертіп, үлестіргенімізді білесіздер. Биылғы жылы сыйақыға аз қаражат бөлінуде. Қаланың көпшілік білім беру мекемелері мектептің әкімшілік құрамына, кейбір мектептер кіші қызметкерлерді де қамтып жатыр. Мектеп әкімшілігі мен кіші қызметкерлердің жұмысының көптігін, уақытпен санаспайтындығын ескеріп беріп жатыр екен. Біздерге осы мәселені қамқоршылық кеңесте қарап, хаттаманы тапсыруымызды сұрады. Сол себепті осы мәселе жөнінде пікірлеріңізді айтсаңыздар.

***<u>Сойлеушілер: кеңес мүшесі Т.Омаров</u>***-мектеп әкімшілігінің жұмыс жүктемесі көптеу екендігін ескере келе және кіші қызметкерлердің айлық жалақы мөлшері аздау екендігін ескеріп сыйақыны осы кісілерге бөлгенді жөн санаймын. Біз осы мектеп құрылысынан бастап біраз жұмысына араластық әрі ұсыныстарымызда

болды сол кезде. Жаңа жылдық мерекені де қолдаймыз. Ең бастысы балалардың өмір қауіпсіздігін басты назарға алу керек. Кәріз жүйесін болашақта (Нұр сити) Есет батыр ауданының орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосу мәселесін қолға алу керек.

***Кеңес төрайымы Б.Боранбаева***-менде осы ұсынысты құптаймын. Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейтінін білесіздер. Кіші қызметкерлердің еңбегі зор, мектептің жарқырап таза тұруы, қаншама оқушы, ата-ана, ұстаздар бар. Барлығын уақытында үлгеріп тазалықты сақтаудың өзі үлкен еңбек. Қаншама жыл ұстаз болғанымда осы кісілердің ерен еңбектерін көрдік.Мектеп жаңа, барлығы талапқа сай салынған білім ошағы тек жақсы жаңалықтар күтеміз. Кеңес мүшелерінің бәрі осы елді мекеннің тұрғындары, жүргізіліп жатқан жұмыстарды көріп жүрміз сол себепті барлығы қолдайды деген ойламын.

***Кеңес мүшесі Мұңал Әбдіханұлы:*** мектеп ашылғалы мектептегі жағдайлармен таныспыз, байланыстамыз. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының алқалы басқару органы болып табылатынын білеміз, сол себепті Базар апайды қолдаймын.

**Қабылданған қаулы:**

1. Жекелеген санат оқушыларына көмек беру жұмыстары одан әрі жалғастырылсын.
2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатындағы шаралар одан әрі жандандырылсын.
3. Жекелеген санат оқушыларының жаңа жылдық сыйлықпен қамтамасыз етілуі қадағалансын.
4. Кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша сыйақы үлестірілсін.
5. Кәріз жүйесін орталықтандыру жұмысы жоспарлансын

Қамқоршылық
кеңесінің төрайымы — Б.Боранбаева

Хатшы — Ж.А.Елекеева